

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі жағдайы

Мамраева Г.Б., Рахимжанова К.К.


Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі

В данной статье рассмотрено современное состояние развития малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан. В условиях рыночных отношений предпринимательство является определяющим фактором развития экономики. На основе статистических данных проведен анализ, определяющий состояние развития предпринимательства в республике. В статье приведен положительный опыт организации малого и среднего бизнеса в развитых странах. Также обозначены проблемы предпринимательства в нашей стране и пути их решения. Одной из задач, стоящих перед предпринимательством, является решение проблем безработицы. В связи с этим проанализированы показатели обеспечения рабочими местами малым и средним бизнесом в разрезе областей республики. Определена роль Таможенного союза (Казахстан-Россия-Белоруссия) в развитии малого и среднего бизнеса в стране.

This article considers the modern condition of development of small and middle business in Republic of Kazakhstan. In condition of market relationship entrepreneurship appear as main factor of developing economy. Based on statistic dates, made an analysis define the condition of developing the entrepreneurship in our republic. There is a satisfactory experience of small and middle business in developing countries. Also, problem of unemployment take into consideration. There is an analysis of records of providing with employment of small and middle business. This article is focused on issues in developing small and middle business in regions of republic. The role of Custom Unity take into consideration (Kazakhstan-Russia-Belorussia) in developing small and middle business.

Әлемдік тәжірибеге жүгінсек, дамушы елдер экономикасын дамытушы фактор ол кәсіпкерлік болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың басты мақсаты — ел экономикасын қарышты дамытып, халық қажеттілігін қанағаттандыру, сонымен қатар нарыққа өтімді тауар жіберу. Жалпы елімізде шағын кәсіпкерлік дамыса, қоғамда бәсекелестік те дамиды, қосымша жұмыс орындары ашылып, тұтыну секторы да кеңейеді. Шағын кәсіпкерлік халық шаруашылығының барлық салаларын, яғни, құқықтық, қаржы, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қамтитындықтан, болашақта ел дамуының қайнар көзі болып табылмақ. Жалпы кәсіпкерлік қызмет — дамушы сектор. Кәсіпкерлік секторды одан әрі дамыту үшін елімізде мынадай мәселелерді дамытқан жөн: мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке қолдау көрсету, кәсіпкерлікті қолдайтын ұйымдар санын көбейту, бизнес-инкубаторларды, маркетингтік және басқару саясатын, кәсіпкерлік құқықты әлі де болса жетілдіру қажет. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің мониторингі көрсеткішін қарастырсақ: 2011 жылдың қаңтар-қазанында өткен жылғымен салыстырғандағы өнім шығарылымы (салыстырмалы бағада) 2,6 %-ға, белсенді субъектілер саны 4,4 %-ға өсті, жұмыспен қамтылғандар саны 3,5 %-ға төмендеді. 2011 жылдың қаңтар-қазанында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілердегі өнім шығарылымы 6755,1 млрд теңгені құрады. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлердің үлесі — 64,8 %-ды, шаруа (фермер) қожалықтары — 24,7 %-ды, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар — 9,3 %-ды, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар 1,2 %-ды құрады.

Төмендегі суретте көрсетілгендей, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жылдан жылға қарыштап қанат жайып өсіп келе жатқаны байқалуда. Оның ішінде жақсы дамығаны — дара, шағын орта кәсіпкерлер. Осы аталған субъектілердің дамуы көбінесе қалалық жерлерде орын алады, ал ауылдық аймақтарда шағын кәсіпкерліктің ақсап қалуы тауарларға деген сұраныстың болмауынан, яғни, ауылдық аймақтарда халықтың сирек мекендеуі — шағын орта кәсіпкерліктің ақсауына себепші факторлардың бірі болмақ. Бізді ойландыратын жайт, ол шаруа қожалықтары, яғни фермерлік шаруашылықтардың төмен дамуы, ал ол экономикамыздағы ауылшаруашылығы саласының аяғынан тік тұра алмауынан болса керек. Сол себептен, әліде болса, ауылшаруашылығы саласын дамытуға күш салу керек. Ауыл шаруашылығы көркейсе, ел экономикасының өсуіне, яғни мемлекетімізде кәсіпкерлік қызметтің дамуына, үлкен үлес қосар еді. Олай болса, тек қана шаруа қожалықтарын ғана емес, шағын орта кәсіпкерлікті ауылшаруашылығында да дамыту қажет [1].



Сур. Шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілері санының өзгеруі (өткен жылғы тиісті күнге пайызбен)

Еліміздегі шағын кәсіпкерлікті әлем тәжірибесіне сүйене отырып, дамытқан дұрыс деп тұжырымдаймыз:

- пайыз төленбейтін қарыздар беру (Швеция);
- кәсіпкерлік саласында жаңалықты енгізуге кеткен шығындардың 50 %-ын өтейтін қайтарымсыз ссуда беру (Германия);
- жаңалық ойлап тапқан жеке адамдар үшін мемлекеттік салымды азайту (Австрия, Германия, АҚШ және т.б.);
- егер жаңалық энергияны үнемдеуге байланысты болса, мемлекеттік салым төлейтін уақытты ұзарту немесе одан мүлдем босату (Австрия);
- ойлап тапқан жеке адамдардың өтінішімен іс-қағаздарын тегін толтыру, патенттік тексерістен өткендерге тегін қызмет көрсету, салымдарды төлеуден босату (Нидерланды, Германия).

Міне, жоғарыда көріп отырғанымыздай, шет мемлекеттердің тәжірибесі осындай кәсіпкерлікке демеу болатын негізгі факторларды ашып көрсетеді. Шетел тәжірибесінен үлгі алып, оны одан әрі дамытатын болсақ, біз кәсіпкерлікті аяғынан тік тұрғызып, ел экономикасын елеулі дамыта алар едік.

Жалпы алғанда, Қазақстан 2011 жылдың 6 маусымынан бастап, Қазақстан, Ресей, Белоруссия — осы үштік мемлекеттік Кедендік одақ негізін қалады, яғни Кедендік кодекс қабылданды. Осы кодекс бойынша Кедендік одаққа мүше-елдердің арасында кедендік барлық төлемдерді төлеу, декларациялау алынып тасталды. Яғни, Белоруссия мен Ресейден әкелінетін тауарларды кедендік рәсімдеусіз, еркін кіргізе алуға мүмкіндік туды. Кедендік одақ 170 млн тұтынушысы бар алып нарық қалыптастыруда. Кедендік одақ еліміздегі шикізаттық емес саланы одан әрі дамытуға жол ашуда, сонымен қатар біздің өндірушілерден өте сапалы тауар шығаруды талап етеді, ал бұл халыққа әр түрлі жоғары сапалы тауарды ғана тұтынуға жол ашады. Осыдан келіп халыққа қызмет көрсетудің сапасы артады. Қазақстан қазірде импортталған 400-ге жуық тауар түріне төменгі баж салығын қою құқығына ие болып отыр. Мұндай тауарларға дәрі-дәрмектер, медициналық құрал-жабдықтар, целлюлоза, қағаз бұйымдары т.б. жатады. Кедендік одақтың аясындағы интеграцияны дамытудың келесі кезеңі — тараптардың көліктік инфрақұрылымына еркін кіруін қамтамасыз ететін бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру. Қазіргі таңда Ресейде қосымша құн салығы — 18 %, ал Қазақстанда — 12 %.

Қазақстан, Ресей мен Белоруссия мемлекеттері бірлесіп жасақтаған Кедендік одақтың берері мол, келешегі кемел деп айтқымыз келеді. Осы елдерге тауар шығарғанда және тауар әкелгенде, яғни импорт және экспорт операцияларын жүргізгенде, баж салығы алынбайды, қандай да бір құжаттар талап етілмейді. Ал одаққа мүше емес басқа шет елдерден келетін тауарларға салынатын кедендік баж салығы өсіп отыр. 2011 жылдың 1-ші шілдесінен бастап, Кедендік одақтың ішкі шекараларынан бақылаудың мынадай түрлері алынып тасталды:

- санитарлық-эпидемиологиялық;

- фитосанитарлық;
- ветеринарлық;
- көліктік бақылау.

Еліміздің жалпы өндірістік көлемі қазірде 600 млрд долл. құрап отыр. Тек қана мұнайымыздың қоры 90 млрд баррель, бұл әлемдік энергия көздері нарығындағы аса маңызды рөл атқаруда. Әрбір нәрсенің сол және оң жақтары бар. Сол сияқты Кедендік одақтың да өзіндік ерекшеліктері мен кемшіліктері қатар жүрмек. Мысалға, жеңіл көлік үшін төленетін баж салығы Кедендік одақ құрылмай тұрып 15 % болса, енді 30 %-ды құрап отыр, яғни — қазақстандықтар сырттан көлік сатып алғанда, бұрынғыға қарағанда көбірек шығынданбақ. Қазақстан Ресейге қарағанда шикізат тауарларын арзанға алатын болады. Сондықтан Ресей Қазақстанға арзан кірген тауарлардың Ресейге ре-экспортталмауы үшін, техникалық талаптар қойып отыр. Жалпы айтар ой, Қазақстан бірқатар тауарды өз ішкі нарығы үшін арзан импорттай алады, бірақ оны Ресейге сата алмайды. Жалпы шетел тәжірибесіне сүйенер болсақ, Түркия мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы 1 млрд 800 млн-ды құраған, ал Түркияның мәліметтері, яғни статистикалық көрсеткіші бойынша, 4 млрд долл. құрап отыр. Бұл — еліміздегі биресми жолмен ақша табуға машықтанған кәсіпкерлердің қалыптасқандығының басты белгісі.

Дүниежүзілік банктің жыл сайынғы шығаратын Doing Business (Бизнес жүргізу жеңілдігі) рейтингісі бойынша 2011 жылғы Қазақстанның экспорт және импорт жүргізу көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген.

1 - кесте

Дүниежүзілік банктің жыл сайынғы шығаратын Doing Business (Бизнес жүргізу жеңілдігі) рейтингісі бойынша 2011 жылғы Қазақстанның экспорт және импорт жүргізу көрсеткіштері

Экспорт және импорт жасау (орыны 183)	Қазақстан	Батыс Еуропа	OECD
Экспорт үшін қажетті құжат саны	10	6,4	4,4
Экспорт жасауға қажетті уақыт	81	26	10,9
Экспорт шығыны (бір контейнер үшін төленетін USD)	3005	1681	1058
Импорт үшін қажетті құжат саны	12	7,6	4,9
Импорт жасауға қажетті уақыт	67	28	11
Импорт шығыны (бір контейнер үшін төленетін USD)	3055	1845	1106

Қазақстан әлемдегі 183 елдің ішінде 181 орынға ие болып отыр. Бұл біздің елдегі заңды түрде экспорт және импорт операцияларының қандай көрсеткішті көрсетіп отырғандығын байқатады. Бұған мысал, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) қатарына кіретін басты елдердегі көрсеткіштермен салыстырған арадағы айырмашылық дәлел бола алады. Бұл саладағы нақты өзгерістердің бар екендігін көрсетеді. Кедендік одақ — осы тұрғыдан алып қарағанда, үлкен мүмкіндік, яғни болашаққа кемел жол болып табылады. Бұдан былай Қазақстан кедендік бекеттері Ресей және Белоруссия өкілдерімен, яғни мамандарымен, бірге бақыланатын болады. Сонымен, Кедендік одақтың келешегі зор, Қазақстан үшін берері көп деген қорытындыға келдік. Шағын және орта кәсіпкерлік дамуының негізгі көрсеткіштері 2-кестеде берілген.

Жалпы, кестеден көріп отырғанымыздай, 2011 жылдың 1 қарашасындағы шағын және орта кәсіпкерлік дамуының негізгі жағдайы көрсеткіштері берілген. Осы көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, белсенді субъектілер санының ҚР-дағы жалпы көрсеткіші 104,4 %-ды құраса, ал жұмыспен қамтылғандар саны 96,5 %-ды құрап отыр [1]. Белсенді субъектілер ішінде жоғары нәтиже көрсетіп отырған: Ақтөбе — 124,1 %, Атырау — 135,5 %, Алматы — 121 % және Астана қалалары 143,7 %-ға өскенін көрсетіп отыр. Ал енді жұмыспен қамтылу деңгейі бойынша жоғары көрсеткішке: Жамбыл — 104,9 %, Атырау — 102,2 %, Ақтөбе — 101,4 % және Астана қаласы 100,9 % ие.

Жалпы статистикалық көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, Қазақстан Республикасында 2011 жылы 1 қарашаға дейін (Статистика агенттігінің мәліметі бойынша) 204 кәсіпорын ашылған. Бұл — біздің жетістігіміз, жылдан жылға кәсіпкерлік қызметті дамытып, халықтың сұранысын толығымен қамтамасыз ететін, отандық өнімдер өндіретін кәсіпорындар ашу біздің еліміз үшін жақсы жетістік болмақ. Сонымен қатар шағын бизнес субъектілерін ашу, халықты жұмыспен қамтып, еліміздің

тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жұмыссыздық және инфляцияға тежеу болады деген ойдамыз.

2 - кесте

Шағын және орта кәсіпкерлік дамуының негізгі көрсеткіштері

(өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен)

	2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша		2011 жылғы қаңтар-наурыз
	белсенді субъектілер саны	жұмыспен қамтылғандар саны	өнім шығарылымы (салыстырмалы бағаларда)
Қазақстан Республикасы	104,4	96,5	102,6
Ақмола	105,8	98,1	110,6
Ақтөбе	124,1	101,4	102,7
Алматы	85,4	89,0	100,4
Атырау	135,5	102,2	102,1
Батыс Қазақстан	120,7	96,5	102,2
Жамбыл	88,9	104,9	104,3
Қарағанды	108,0	97,0	103,1
Қостанай	100,3	96,4	111,1
Қызылорда	126,4	98,6	100,1
Маңғыстау	132,7	92,0	100,4
Оңтүстік Қазақстан	93,6	98,5	101,2
Павлодар	110,2	92,7	103,3
Солтүстік Қазақстан	103,8	95,0	118,2
Шығыс Қазақстан	95,4	92,9	103,1
Астана қ.	143,7	100,9	102,3
Алматы қ.	121,5	97,8	100,1

Жалпы еліміз ұстанып отырған саясат бойынша алып қарайтын болсақ, жұмыссыздықты жоюдың жолы кәсіпкерлікті дамыту болып табылмақ. Кіші және орта кәсіпорындарың ашылуы халықты жұмыссыздық процесінен аз да болса айықтырмақ. Жұмыссыздық деңгейі төмендесе, халықтың әлеуметтік жағдайы да жақсарады, сонымен қатар инфляция процесі төмендейді.

3-кестеде ШОК белсенді субъектілері қызметтерінің негізгі көрсеткіштері берілген, яғни 2011 жылғы 1 қарашасындағы ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны республика бойынша көрсетілген. Жалпы Қазақстан Республикасы бойынша 2 574 549 адам қамтылған. Бұл — бір жыл үшін өте жоғары көрсеткіш, оның ішінде жоғары көрсеткішті көрсетіп отырған облыстар мен қалалар бар. Алматы — 266 911 адам, Қарағанды — 196 560, Астана қаласында 152 675 адам жұмыспен қамтылған, жалпы жұмыспен қамту жағдайы бойынша жеке және орта кәсіпкерліктің белсенді көрсеткішін танытып отырғанын көріп отырмыз. Орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар 720 883 адамды жұмысқа қабылдаса, жеке кәсіпкерлер 726 501 адамды жұмыспен қамтыған [2].

Жалпы көрсеткіштер бойынша қарастыратын болсақ, ең жоғарғы көрсеткішті Оңтүстік Қазақстан облысы көрсетіп отыр, оның себебі бұл аймақта көкөніс, жеміс-жидек кластері, сонымен қатар мақта өнеркәсібі жақсы дамыған. Ал Қарағанды облысына келетін болсақ, Қарағанды — еліміздегі ірі өндіріс ошақтарының бірі, көбінесе, халықты жұмыспен қамтып отырған өндірістік кәсіпорындар екенін аңғарамыз. Оның ішінде: «Қазақмыс корпорациясы», «АрселорМиттал Теміртау» кен орындарымен қоса Балқаш, Жезқазған мыс зауыттары және т.б.

Жоғарыдағы статистикалық көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, елімізде кәсіпкерлік қызметтің дамып, өркендеп, өсіп, ел экономикасының еңселі факторларының біріне айналып келе жатқанына көз жеткіземіз. Кәсіпкерлік қызметті әліде болса дамытып, түрлі кедергілерді жоюға күш салу қажет.

Шағын және орта бизнес нарық қатынастарын ұдайы іске қосып отыратын негізгі фактор болып саналады. Нарықтық экономикадағы шағын кәсіпкерлік, ең алдымен, нарықтық тауарлардың молаюына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік қызмет халықты жұмыспен қамту, тұрмыстың лайықты деңгейімен қамтамасыз ету, адамның өмірге нық сеніммен қарау мүмкіндіктерін тудырады. Сонымен қатар экономиканың қайта құрылу қарқынын жеделдетіп, шығынның тез өтелуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тұтынушы

сұранымының өзгерісін жедел бақылап, бәсекелестік өрісін кеңейте түсуге салалық және аумақтық монополизмге төтеп беруге септігін тигізеді [3].

3 - кесте

**ШОК белсенді субъектілері қызметтерінің негізгі көрсеткіштері
2011 жылғы 1 қарашаға ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны, адам**

	Барлығы	Соның ішінде			
		шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа (фермер) қожалықтары
Қазақстан Республикасы	2 574 549	698 223	720 883	726 501	428 942
Ақмола	118 733	29 350	41 290	37 544	10 549
Ақтөбе	112 536	29 650	38 902	33 851	10 133
Алматы	266 911	47 430	49 767	57 092	112 622
Атырау	85 699	21 540	29 566	31 133	3 460
Батыс Қазақстан	92 234	26 105	26 650	30 562	8 917
Жамбыл	141 094	29 377	19 550	23 735	68 432
Қарағанды	196 560	57 207	53 697	64 693	20 963
Қостанай	144 117	36 080	48 795	48 429	10 813
Қызылорда	66 109	19 534	24 090	19 336	3 149
Маңғыстау	80 465	21 504	32 720	24 885	1 356
Оңтүстік Қазақстан	311 817	68 350	44 393	60 910	138 164
Павлодар	117 573	36 649	35 120	38 612	7 192
Солтүстік Қазақстан	103 259	26 630	38 138	31 909	6 582
Шығыс Қазақстан	228 540	67 817	55 508	78 649	26 566
Астана қ.	152 675	49 100	53 620	49 952	3
Алматы қ.	356 227	131 900	129 077	95 209	41

Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлік еліміздегі болып жатқан қиыншылықтарына қарамастан, экономиканың серпінді де қарқынды дамып келе жатқан белгілі бір бөлігі болып отыр. Еліміздегі шағын бизнесті дамыту жолындағы көптеген кедергілердің бүгінгі таңда азайып келе жатқандығын айта кету керек. Бірақ шағын бизнестің дамуына тежеу болатын күрделі проблемалар әлі де бар:

- несиені алу мүмкіндігінің шектеулілігі;
- шағын бизнесті қолдау және қорғау жөніндегі заңды базаның жетілмеуі;
- шағын бизнесті қолдау және қорғау инфрақұрылымының әлсіздігі;
- несиенің қысқа мерзімге ғана берілуі және несиенің пайызының жоғары болуы;
- шағын бизнесті қолдау, жетілдіру ұйымдарының аздығы;
- білікті кадрлардың жетіспеушілігі.

Қазақстандағы шағын бизнесті жүргізу барысында біршама қиындықтар кездесіп тұрады. Шағын кәсіпорындардың басты проблемасы — материалды-техникалық және ресурстық, қаражаттық базаның жоқтығы. Көптеген жылдар бойы шағын бизнес деген атауды естімеген елімізде «кәсіпкерлік», «кәсіпкер» ұғымдары айтылмай келді. Айлықтан айлыққа өмір сүрген халқымыздың қор жинауына, қаржыны айналымға салуына, өз ісін бастауына мүмкіндік болмады.

Осы тұрғыда тұтынуға сәйкес жеңілдетілген несиелендіру механизмі, салық салу және сыртқы экономикалық байланыстардағы жеңілдіктер қарастырылғаны дұрыс. Оның мәні — халық

тұтынушылығын жақсы қанағаттандыру және кәсіпкерлікті күшейту. Келесі проблема — кіші кәсіпкерліктің даму барысына сүйенетін құқықтық жаза. Әзірше ол әлі жетіле қойған жоқ, ал кейбір жағдайларға сәйкес те келмейді. Ал шағын кәсіпкерлікті реттейтін құқықтық құжаттардың бар екендігі бәрімізге аян (ҚР Азаматтық кодексі және Кәсіпкерлікті қорғау мен қолдау, Президенттің бірқатар Жарлықтары т.б.).

Шағын кәсіпкерліктің басты проблемаларының бірі — кәсіпорын кадрлары, Қазақстан шағын кәсіпкерлік нарықтық құрылымдарды құру және олардың қызметін қамтамасыз етуде білімі мен тәжірибесі мол кәсіби кадрларға зәру күй кешіп отыр. Болашақта кадрлік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамту кадрларды кәсіпкерлікке мақсатты түрде бағдарлай отырып, даярлауды көздеуде. Осы бағытта ұйымдастыру желілерін құруды, отандық және шетелдік озық тәжірибені Қазақстан аймақтарына таратуды, қашықтан кәсіпкерлік білім беруді дамытуды т.б. бірқатар іс-шараларды іске асыруды көздеп отыр.

Сондай-ақ шағын және орта бизнес саясаты стагнациялық экономикадан шығудың балама жолы бола алады, өйткені ол екі макроэкономикалық проблемаларды байланыстырады — жұмыспен қамту және өндірістің жандануын. Шағын кәсіпкерлік экономикаға барлық көрсеткіштер бойынша біршама өзгерістер алып келуі мүмкін. Ондағы шағын кәсіпорындар ашу мәселесі ең аз шығынмен жұмыссыздықтан шығатын бірден бір жол ретінде қарастырылады. Соңғы он жылдықтағы дамыған елдердегі экономиканың даму тенденциясы шағын бизнес саласына өтумен тығыз байланысты. Осы саладағы бәсекелестікті ынталандыру, кәсіпкерліктің жандануы, қоғам ресурстарының толығырақ қолданылуы инновациялық процесті күшеюіне септігін тигізеді [4].

Елімізде кәсіпкерлікпен айналысушы тұлғаларға несие пайызын төмендету, кадрларды шет мемлекеттер тәжірибесін қолдана отырып оқыту, дайындау, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру сияқты мәселелердің басын шешу кәсіпкерлер үшін оңтайлы болмақ. Әрине, проблемасыз, қиындықсыз еш нәрсе болмайды. Ол қиындықтар мен кемшіліктердің бәрі уақыт өте келе өз шешімін табады. Сондықтан кәсіпкерлік саласындағы осындай бір реттелуі қажет шаруаларға мемлекет қол ұшын береді деген ойдамыз. Осы мақсатта елімізде кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы «Бизнестің жол картасы – 2020» 2010 жылдан бастап енгізілді. Бұл бағдарламаның мақсаты — аймақтарда кәсіпкерліктің жаңа жүйесін дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу. Бұл бағдарламада жүзеге асырылуы тиіс мәселелер:

1. Несиелер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау.
2. Шағын орта бизнеске несиелерді ішара кепілдендіру.
3. Бизнес жүргізуге сервистік қолдау білдіру.
4. Мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру, жастар тәжірибесі.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін шикізаттық емес жобаларды қаржыландыру жөнінен жаңа мүмкіндіктер ашады [5]. Қазақстан Республикасы Президентінің «ҚР 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 17 ақпандағы № 344 Жарлығының негізгі мақсаты шағын кәсіпкерліктің өндірістік саланы серпінді дамытуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру. Стратегияның міндеттері бағдарлама мақсатын іске асыру жолында төмендегі мәселелерді шешуді көздейді:

- халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
- қоғамдық ұйымдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау мәселелеріндегі рөлін күшейту;
- шағын кәсіпкерліктің өндірістік секторындағы басымдықты дамыту.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

- шағын кәсіпкерліктің кадрлік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуі;
- шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жетілдірілуі және олардың орындалуына бақылауды күшейту;
- шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту.

Нарықтық жүйені қалыптастыру мен бәсекелестікті дамытуда, тауар және қызмет сұранысын қанағаттандыруда, жұмыссыздық мәселесін шешуде және жаңа технологияларды енгізуде шағын және орта кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық мәні өте зор, өйткені ол қоғамдағы экономиканы дамытушы басты факторлардың бірі болмақ [6].